

9,11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау

Қорытынды аттестаттау – бұл оқушылардың белгілі бір білім деңгейін (негізгі орта немесе жалпы орта білім) меңгеру дәрежесін тексеру мақсатында өткізілетін мемлекеттік емтихандар **ЖИЫНТЫҒЫ.**

1. 9-сыныпты бітірушілер үшін (негізгі орта білім)

9-сыныпты аяқтаған соң оқушылар оқуын әрі қарай мектепте (10-11-сынып) жалғастыруға немесе колледжге түсуге құқық беретін аттестат алу үшін тапсыратын емтихандар.

Пәндер саны: 4 пән.

Міндетті пәндер: ана тілі (қазақ тілі), математика (алгебра), орыс тілі мен әдебиеті.

Таңдау пәні: оқушының қалауы бойынша бір пән (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі, информатика)

2. 11-сыныпты бітірушілер үшін (жалпы орта білім)

11-сыныпты бітіргенде жалпы орта білім туралы аттестат алу үшін тапсыратын мемлекеттік бітіру емтихандары.

Пәндер саны: 5 пән.

Міндетті пәндер: ана тілі (жазбаша эссе), алгебра және анализ бастамалары (жазбаша), Қазақстан тарихы (ауызша), орыс тілі мен әдебиеті.

Таңдау пәні: бейіндік бағытына қарай таңдалған пән (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі, информатика).

Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілді:

9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

11-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2026 жылғы 2-15 маусым аралығында.

9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары

Пәні	Емтихан тапсыру түрі	Күні
математика (алгебра) 3 астрономиялық сағат	жазбаша	29 мамыр
таңдау пәні	жазбаша	3 маусым 2026 жыл
қазақ тілі 2 астрономиялық сағат	жазбаша (эссе)	8 маусым 2026 жыл
гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын сыныптар (9Б, 9В)	жазбаша (мақала, әңгіме, эссе)	
орыс тілі мен әдебиеті	жазбаша емтихан	11 маусым 2026 жыл

11-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары

Пәні	Емтихан тапсыру түрі	Күні
Қазақстан тарихы	ауызша	2 маусым 2026 жыл
Алгебра және анализ бастамалары 5 астрономиялық сағат	жазбаша	5 маусым 2026 жыл
қазақ тілі 3 астрономиялық сағат	жазбаша	9 маусым 2026 жыл
таңдау пәні	жазбаша	12 маусым 2026 жыл
орыс тілі мен әдебиеті	жазбаша емтихан	15 маусым 2026 жыл

9 және 11-сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттаудан білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен мынадай жағдайларда босатылады:

- 1) денсаулық жағдайына байланысты;**
- 2) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;**
- 3) халықаралық олимпиадаларға (жарыстарға) қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командасына үміткерлер болып табылатын жазғы оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар;**
- 4) жақын туыстарының қайтыс болуы.**

Қорытынды аттестаттаудан босатылған білім алушылардың қорытынды бағасы ағымдағы оқу жылының жылдық бағасы негізінде қойылады.

Қорытынды аттестаттау кезеңінде ауырып қалған 9 және 11-сыныптардың білім алушылары сауыққаннан кейін өткізіп алған емтихандарды тапсырады.